



Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 30 наурыз N 376

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы

Z952483_

Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

"Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы N 2483 Z952483_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., N 19, 118-бап; N 23, 142-бап; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1997 ж., N 10, 108-бап; N 12, 184-бап, 190-бап; 2001 ж., N 20, 257-бап) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Атау мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы".

2. Преамбула алынып тасталсын.

3. Мәтіндегі "осы Жарлық", "осы Жарлықпен", "осы Жарлықты" деген сөздер тиісінше "осы Заң", "осы Заңмен", "осы Заңды" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі - Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және оған есеп беретін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын және осы Заңмен белгіленген құзырет шегінде күзетілетін адамдар мен күзет объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік орган.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның нақтылы және шартты атауы, өзінің рәмізі мен айырым белгілері, мөрі, мөртаңбасы, банктерде есеп-шоттары, оның ішінде валюталық есеп-шоттары болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі әскери құрылым болып табылады."

5. Мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2, 1-3-баптармен толықтырылсын:

"1-1-бап. Күзет іс-шаралары

Күзет іс-шаралары - күзетілетін адамдардың және күзет объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастыру, жедел-ізвестіру және техникалық шаралардың жиынтығы.

Күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шаралары терроршылдыққа қарсы операцияларға жатқызылады.

1-2-бап. Күзетілетін адамдар

1. Күзетілетін адамдар - Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясына, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарына және осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі міндетті түрде күзетуге жатқызылған адамдар.

2. Мыналар күзетілетін адамдар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының Президенті;

2) Республика Президентінің жұбайы (ері) және Президентпен бірге тұратын отбасы мүшелері;

3) Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті;

4) Қазақстан Республикасының Бірінші Президентімен бірге тұратын оның отбасы мүшелері немесе онымен бірге еріп жүрушілер;

5) Қазақстан Республикасының экс-Президенті;

6) Тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Қазақстан

Республикасының лауазымды адамдары;

7) Қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының аумағында болуы кезеңінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес қамтамасыз етілетін шет ел мемлекеттері мен үкіметтерінің басшылары;

8) Қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының аумағында болуы кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің немесе оның тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының өкімдері негізінде қамтамасыз етілетін халықаралық ұйымдар басшылары мен шет ел мемлекеттерінің өзге де адамдары.

1 - 3 - б а п . К ү з е т о б ъ е к т і л е р і

Күзет объектілері (күзетілетін объектілер) - күзетілетін адамдардың болуына арналған үйлер, құрылымдар мен құрылыстар көрсетілген үйлерге, құрылымдар мен құрылыстарға жапсарлас аумақтар мен акваториялар.

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі күзететін объектілер тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді".

6 . 2 - б а п т а :

1) төртінші абзацтағы "қызметтік үй-жайларында және" деген сөздер "күзет объектілерінде және" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"терроризмге қарсы күресті өз өкілеттігі шегінде жүзеге асыру".

7. Мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметін ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің басшылығын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын, қызметтен босататын және әскери қызметтен шығаратын Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің бастығы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі бастығының ұсынысы бойынша Республика Президенті бекітеді".

8. II тарау және 5, 6, 7-баптар алынып тасталсын.

9 . 8 - б а п т а :

1) 3-тармақтағы "қызметтік үй-жайларында және" деген сөздер "күзетілетін объектілерде және" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-тармақтағы "өзге" деген сөз, ", сондай-ақ жекелеген іс жүргізу әрекеттерін іске асыруда" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 5-тармақтағы "қызметтік үй-жайларында және" деген сөздер "күзетілетін объектілерде және" деген сөздермен ауыстырылсын".

1 0 . 9 - б а п т а ғ ы :

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Күзетілетін объектілерге өту (көлікпен өту) кезінде және күзетілетін объектілерден шығуы (көлікпен шығуы) кезінде азаматтарды жеке тексеру (күзетілетін адамдарды қоспағанда), олардың заттарын тексеру, көлік құралдарын және олардағы алып жүретін заттарды, оның ішінде техникалық құралдарды пайдалана отырып тексеру жүргізілсін."

2) мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Күзету іс-шараларын жүргізу кезінде азаматтарды, фактілер мен оқиғаларды суретке түсіру, дыбысқа жазу, -кино және бейне түсіру жүзеге асырылсын;"

3) 4-тармақтағы "министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, өзге де орталық атқару органдарынан" деген сөздер "мемлекеттік органдардан" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. 14-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын.

12. 15-баптағы:

1) үшінші бөлікте "нормативтік актілердің" деген сөздер "нормативтік

құқықтық актілердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) төртінші бөліктегі:

"министрліктерде, ведомстволарда" деген сөздер "мемлекеттік органдарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

"белгіленген тәртіппен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"атқару үшін" деген сөздерден кейін "осы органдар мен ұйымдар төлейтін" деген сөздермен толықтырылсын.

13. 25-бап алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК